

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ. Тұрысов атындағы Геология, мұнай және тау-кен ісі институты

Геологиялық түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және
барлау кафедрасы

Бейсенбай Г.М.

**Тақырыбы: «Бенқала мыс кенорнының оңтүстік бөлікшесін
геологиялық барлау»**

Дипломдық жобаның

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБАСЫ

Мамандығы 5В070600 – «Геология және пайдалы қазба кенорындарын
барлау»

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ. Тұрысов атындағы Геология, мұнай және тау-кен ісі институты

Геологиялық түсіру, пайдалы қазба кенорындарын
іздеу және барлау кафедрасы

ҚОРҒАУҒА РҰҚСАТ

ГТПҚКІЖжБ кафедрасының
меңгерушісі, PhD докторы,

ассоц.профессор
Бекботаева А.А. А.А.Бекботаева

«16» мамыр 2020 ж.

**Дипломдық жобаның
Түсіндірме жазбасы**

**«Бенқала мыс кенорнының оңтүстік бөлікшесін геологиялық барлау»
тақырыбына**

5B070600 - Геология және пайдалы қазба кенорындарын барлау

Орындаған

Бейсенбай Г.М.

Ғылыми жетекші,
геол.-минерал.ғылымдарының
кандидаты, ҚазҰТЗУ ассоц.профессоры

 Я.К. Аршамов

«14» мамыр 2020 ж.

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы Геология, мұнай және тау-кен ісі институты

Геологиялық түсіру, пайдалы қазба кенорындарын

іздеу және барлау кафедрасы

5B070600 - Геология және пайдалы қазба кенорындарын барлау

БЕКІТЕМІН

ГТПҚКІЖБ кафедрасының

меңгерушісі, PhD докторы,

ассоц.профессор

Бекботаева А.А. А.А.Бекботаева

« 16 » мамыр 2020 ж.

Дипломдық жобаны даярлауға

ТАПСЫРМА

Білім алушы: Бейсенбай Гүлман Мұқайқызы

Жобаның тақырыбы: Бенқала мыс кенорнының оңтүстік бөлікшесін геологиялық барлау

Университеттің № 762-б «27» қаңтар 2020 ж. бұйырығымен бекітілген

Орындалған жұмыстың өткізу мерзімі « ___ » _____ 2020 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы мәліметтері: Диплом алдындағы өндірістік практикада жиналған сызба және жазба материалдары

Дипломдық жобаның талқылауға берілген сұрақтарының тізімі:

- а) Ауданның географиялық-экономикалық сипаттамасы*
- б) Ауданның геологиялық құрылысының сипаттамасы*
- в) Жобаланған жұмыстардың әдістемесі, көлемі және түрлері*
- г) Күтудегі қорларды есептеу*
- д) Геологиялық барлау жұмыстардың сметасы*

Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):

а) Бенқала кенорнының геологиялық картасы

б) Кен денесі бойынша геологиялық қималар

Ұсынылған негізгі әдебиеттердің 17 атаулары бар.







Дипломдық жобаны даярлау

КЕСТЕСІ

Бөлім атаулары, дайындалатын сұрақтардың тізімі	Ғылыми жетекшіге, кеңесшілерге өткізу мерзімі	Ескерту
1 Ауданның географиялық-экономикалық сипаттамасы	07.03.2020 ж.	
2 Ауданның геологиялық құрылысының сипаттамасы	20.03.2020 ж.	
3 Жобаланған жұмыстардың әдістемесі, көлемі және түрлері	01.04.2020 ж.	
4 Күтудегі қорларды есептеу	10.04.2020 ж.	
5 Геологиялық барлау жұмыстарының сметасы	20.04.2020 ж.	

Аяқталған дипломдық жобаның және оларға қатысты диплом жобасының бөлімдерінің кеңесшілерінің және қалып бақылаушының

Қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Ғылыми жетекші, кеңесшілер (аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
1 Ауданның географиялық-экономикалық сипаттамасы	Я.К.Аршамов геол.-минерал.ғылымд.канд., ҚазҰТЗУ ассоц.профессоры	14.05.2020	
2 Ауданның геологиялық құрылысының сипаттамасы	Я.К.Аршамов геол.-минерал.ғылымд.канд., ҚазҰТЗУ ассоц.профессоры	14.05.2020	
3 Жобаланған жұмыстардың әдістемесі, көлемі және түрлері	Я.К.Аршамов геол.-минерал.ғылымд.канд., ҚазҰТЗУ ассоц.профессоры	14.05.2020	
4 Күтудегі қорларды есептеу	Я.К.Аршамов геол.-минерал.ғылымд.канд., ҚазҰТЗУ ассоц.профессоры	14.05.2020	
5 Геологиялық барлау жұмыстарының сметасы	Я.К.Аршамов геол.-минерал.ғылымд.канд., ҚазҰТЗУ ассоц.профессоры	14.05.2020	
Қалып бақылаушы	М.К.Кембаев, PhD докторы, сениор-лектор	15.05.2020	

Кафедра меңгерушісі
PhD докторы, ассоц.проф.

Бекботаева А.А.

А.А. Бекботаева

Дипломдық жобаның жетекшісі



Я.К. Аршамов

Тапсырманы қабылдаған студент



Г.М. Бейсенбай

Күні «27» қаңтар 2020 ж.

АНДАТПА

Әкімшілік жағынан алғанда Бенқала мыс кенорны Қостанай облысы аумағында Шығыс кентінің солтүстігінде 16 км жерде орналасқан.

Геологиялық барлау жұмыстары ең алдымен Бенқала кенорнының орталық бөлігінде мыс кендерін пайдалы өндіру тереңдігіне (300 м) дейін барлау жүргізу және мыс кендерінің қорларын есептеу мақсатында жүргізілді.

Мыс кендерінің кутудегі қорларын С₁ категориясы бойынша есептеумен қатар зерттелген аумақтағы геологиялық барлау жұмыстарының одан әрі бағытын негіздеу көзделген.

АННОТАЦИЯ

В административном отношении Бенкалинское медное месторождение находится на территории Костанайской области в 16 км севернее поселка Восточный.

Геологоразведочные работы проектируются, прежде всего, с целью проведения разведки медных руд в центральной части Бенкалинского месторождения до глубины полезного ископаемого (300 м) и подсчета запасов медных руд.

Наряду с подсчетом ожидаемых запасов медных руд по категории С₁ предусмотрено обоснование дальнейшего направления геологоразведочных работ на исследуемой территории.

ANNOTATION

Administratively, the Benkalin copper deposit is located on the territory of Kostanay region, 16 km North of the village of Vostochny.

Geological exploration is designed primarily for the purpose of conducting exploration of copper ores in the central part of the Benkala deposit to a mineral depth (300 m) and calculating the reserves of copper ores.

Along with the calculation of the expected reserves of copper ores in category C₁, the justification for further direction of exploration in the study area is provided.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	9
1 Ауданның географиялық-экономикалық сипаттамасы	10
2 Ауданның геологиялық құрылысының сипаттамасы	11
2.1 Стратиграфиясы	11
2.2 Тектоникасы	13
2.3 Интрузивті жаралымдар	14
2.4 Кенорынның жаралу жағдайы	16
2.5 Кеннің минералдық құрамы	17
2.6 Гидрогеологиялық жағдайы	20
3 Жобаланған жұмыстардың әдістемесі, көлемі және түрлері	21
3.1 Геологиялық мақсаттар және оларды жүзеге асыру әдістері	21
3.2 Топографиялық-геодезиялық жұмыстар	21
3.3 Бұрғылау жұмыстары	22
3.4 Ілеспе жұмыстар	25
3.5 Сынама алу жұмыстары	25
3.6 Зертханалық жұмыстар	26
3.7 Геофизикалық зерттеулер	26
3.8 Камералдық жұмыстар	27
4 Күтудегі қорларды есептеу	28
5 Геологиялық барлау жұмыстарының сметасы	30
ҚОРЫТЫНДЫ	32
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	33
ГРАФИКАЛЫҚ ҚОСЫМШАЛАР ТІЗІМІ	
Қосымша А	34
Қосымша Б	35
Қосымша В	36
Қосымша Г	37
Қосымша Д	38
Қосымша Е	39
Қосымша Ж	40
Қосымша З	41

КІРІСПЕ

Бенқала кен алаңы М-41-28-Б бетінде орналасқан және осы аттас ұсақ кенорындарын және Бенқала интрузиясының эффузивті-шөгінділерінде орналасқан бірнеше кен түзілімдерін біріктіреді (С₁V₂₋₃). Әкімшілік жағынан алғанда Бенқала мыс кенорны Қостанай облысы аумағында Шығыс кентінің солтүстігінде 16 км жерде орналасқан.

Барлау жұмыстары ең алдымен Бенқала кенорнының орталық бөлігінде мыс кендерін пайдалы өндіру тереңдігіне (300 м) дейін барлау жүргізу және мыс кендерінің қорларын есептеу мақсатында жобаланады. Кенорнында мынандай жалпы жұмыстар қарастырылған.

- УКБ-500 С станогімен барлау ұңғымаларын 300 м дейін бұрғылау;
- кен денелерінің құлау және созылу бағыттарын анықтау, жартылай өндірістік сынама алу, бұрғылау қондырғыларының тұратын жерлерін дайындау;
- кен алаңын зерттеу бойынша геологиялық барлау жұмыстар жүргізу, ұңғыма керндерін құжаттап жазу, сынамалар алу (керндік, топтастырылған), зертханалық-технологиялық сынамалар алу, бұрғылау ұңғымаларын топографиялық байланыстыру;
- зертханалық- технологиялық зерттеулер жүргізу.

Кен орналасқан таужыныстар гидротермалдық түрде өзгерген: эпидотталған, серициттелген, кварцталған, кей жерлерде кварц-серицит таужыныстарын құруға дейін өзгерген. Кентүзілу түрі – мыс сеппелі болып келеді. Кендік минералдар көбінесе пириттен және халькопириттен, сирегірек сфалерит пен молибдениттен тұрады. Кен белдемінің қалыңдығы 3,0 метрден 48,7 метрге дейін жеткен кездегі мыстың мөлшері 0.1 %-дан 1,81 %-ға дейін жетеді.

Мыс кендерінің қорларын С₁ категориясы бойынша есептеу көзделген.

1 АУДАННЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Бенқала кенорны (50°11' с.к. 61°46' ш.е.) М-41-28-Б бетінде Қостанай облысы аумағында Шығыс кентінің солтүстігінде 16 км жерде орналасқан. Географиялық жағынан кенорны Торғай ойпатының орталық бөлігінде орналасқан.

Жер бедері – абсолюттік белгілері 250 метрге дейін жазық, және салыстырмалы биіктіктері 10-30 м дейін. Жер бетіндегі шөп және ағаш түпті тоғайлармен жабылған төбешікті жазықтық.

Ауданның гидрографиялық жүйесі өте нашар дамыған. Ең маңыздылары Қаракенгір өзенімен оның маңындағы ұсақ өзендер, жаздың орта кезінде олар суалып қалады. Олардың тереңдіктері 2 м, ені 10 м және ұзындығы 100 метрден асады.

Ауданның климаты өте континенталды жазы ыстық және қысы қары аз әрі суық болып келеді. Қарсақпай метеорологиялық станциясына берген байқау мәліметтеріне сәйкес жазғы орташа температура (шілде, тамыз) +19°C- дан +23,1°C-ге дейін, қыста (желтоқсан, ақпан) -11°C-дан -10,9°C болады.

Жануарлар әлемі аса бай емес, себебі жер бедеріндегі өсетін шөптер мен климатқа байланысты. Көбінесе кемірушілер кездеседі. Құстардан жабайы үйректер, қаздар, құрлар, дуадақтар, бүркіттер, үкілер кездеседі.

Аудан сейсмологиялық жағынан қатерлі емес.

Экономикалық жағынан аудан өте нашар дамыған. Жергілікті тұрғындар көбінесе мал шаруашылығымен, аздап жер өңдеу жұмыстарымен айналысады. Қыстақтардан басқа жалғыз елді-мекен Айыртау кенті. Басты жол қатынастары топырақ жолдары, көктемде жүру өте қиын.

Энергиямен қамтамасыздандыру көздері жоқ.

2 АУДАННЫҢ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

2.1 Стратиграфиясы

Бенқала кенорны 1962 жылы Торғай ГФЭ электірлік барлау жұмыстарын жүргізу кезінде ашылған (Андрушко 1981). Кенорнының алаңы жоғарғы визейдің жанартаулы және жанартаулы – шөгінділерінен құрылған, Соколов – сарыбай комплексінің басты фазасы диорит – гранит таужыныстарынан тұрады.

Төменгі карбон шөгінділері (C_{1v2}) әртүрлі құрамдағы жанартау шөгінділерінен тұрады: андезидациттар, дациттар, риодациттар, риолиттер және олардың туфтары, олардан басым болып келетін туфты құмтастар, гравелиттер, алевролиттер және әктастар. Таужыныстар жіңішке қатпарлар түрінде қатпарланған құлау бұрыштары 85° дейін жетеді. Қалыңдығы 350 м.

Андезидациттар негізгі плагиоклаздың фенотүйіршіктерінен пироксеннің екі туындысынан және негізгі массадан құрылған. Бірінші туынды плагиоклаздың фенотүйіршіктері ұзындығы 2-2,5 мм, пироксенді 1,5-2,0 мм; екінші туындының минералдарының ұзындықтары 0,7мм.

Таужынысының құрылысы пилотакситті негізгі массасы паралель олналасқан плагиоклаздың түйіршіктерінен тұрады. Фенотүйіршіктердің бағытталып орналасуына байланысты және негізгі массаның микроклиттеріне сәйкес флюидті құрылым пайда болады.

Сеппелі – мыс Бенқала кенорны сол жерде антиклинальды қатпарлармен күрделенген, Бенқала синклиналинің солтүстік бөлігінде орналасқан. Бұл құрылым орта-жоғарғы визей кезеңінің түзілімдерінен тұрады.

Таужыныстырының құрамына қарай кенорны шығыс және батыс болып екі бөлімге бөлінеді. Кенорнының батыс бөлігінде жанартау таужыныстары басым, андезиттік және андезит – базальттік туфтардан, туфтық шөгінді таужыныстардың қабатшалары бар құрамы ұқсас лавалардан түзілген, антиклиндық құрлым қанатынан тұрады.

Сынықтардың құрамына қарай жартылай жұмырланған және өткірбұрышты сынықтарының мөлшері 0,3мм-ден 100 мм-ге дейін және одан да үлкен лито және кристаллокласты болып бөлінеді.

Сынық материалдар көлемі 60% -ке жетеді. Сынықтар құрамында андезитті сеппелер, базальттар, орта және негізгі құрамды плагиоклаз сынықтары басымырақ. Туфтардың масса бөліктерін цементтейтін кристалловитрокластық туфтарға сәйкес ұсақ материалдардан құралған. Кейде туфты қабатта құрамы андезитті лава қабатшалары кездеседі. Бұл таужыныстары сеппелі құрлымды және интерсертальдық құрлымды негізгі массадан тұрады. Фенокристалдар тілімтас ауданының 5-10% құрайды және түйірлерінің пішіні призмалық – кестелі тегіс емес бірақ шеттері анық айқындалған плагиоклаздан тұрады. Плагиоклаз негізділігі бойынша андезин – олигоклазға жатады, серициттелу, эпидотталу, хлориттану, биотиттену және т.б. қайталама үрдістеріне байланысты өте қатты өзгерген, негізгі массасы әр

бағытта орналасқан ұсақ плагиоклаз лейстлерінен тұрады. Лейстлер аралығы хлоритке айналған күңгірт минералдармен толтырылған. Сонымен қатар, негізгі бөлігі қатты кварцталданғаны көрінеді. Кенорнының шығыс бөлігі терригенді және жанартаулы материалдардан: әр түрлі-сынықты туфиттардан, майда сынықты литокрсталлокластикалық, және күлді туфтардан, туфалевролиттен, туфгравелиттен, әктасты, әктасты-сазды алевролиттен, құмтастан, аргилиттен және алевролиттен құралған.

Туфты-шөгінді таужыныстарды микроскоппен қарағанда түйіршіктердің үлкендігі және кластикалық материалдармен ерекшеленеді. Көбінесе бұлар майда түйіршікті, көп жағдайда шыңтасты немесе жолақты құрылымды мүйізтас тәріздес таужыныстары.

Сынықтар жұмыр, жартылай жұмыр және күртбұрышты болып келеді, олардың мөлшерлері 0,01 мм-ден 0,8 мм-ге дейінгі аралықта. Сынықтар арасында плагиоклаз, кварц, андезитті порфирит, алевролит үстінен хлориттене дамиды негізгі құрамды шыны кездеседі. Цементтің құрамында плагиоклаз және екінші сатылы минералдар басым: биотит, актинолит, серицит, хлорит және жұқа шашыранды магнетит. Кенорнының полеозойлық іргетасын құрайтын жоғарыда көрсетілген таужыныстардың литологиялық түрлері әртүрлі дәрежеде физикалық және терең химиялық мору үрдістеріне ұшыраған. Ең үлкен қалыңдығы қабық желдетуде пайда болған өзгерістер біршама терригенді пайда болуды және төмен өлшемде интрузивті және жанартау таужыныстарын кездестіреді, дегенмен қыртыстың соңғы қалыңдығы 110м-ге дейін жетерліктей созылған.

Кенорнының шегінен тыс жерде, мүйізшелену және скарндалуға байланысты таужыныстары орнықты болғандықтан мору қабатының қалыңдығы өте төмендейді және бірнеше метрлерден аспайды. Мору қабатының жалпы тілімі мына төмендегідей ұсынылады (төменнен жоғары)

1. Гидротемальды өзгерген бастапқы таужыныстардың ыдырау белдемі
2. Кварц – каолинит – слюдалы құрамды сілтілену белдемі
3. Кварц – каолинитті белдем

Ыдырау белдемі қарқынды гидротемальды өзгерген таужыныстардың альбиттенуге, серициттенуге, кварцтануға, хлориттенуге, эпидоттануына және аздап каолинденуіне байланысты болады.

Кенорнының бұл белдемінде сульфитті сеппелі және желілі – сеппелі пирит – халькозиннің қайталама сульфиттік байыту өндірістік кенорындары орналасқан. Халькопирит, борнит, ковеллин жеке түйірлі және ұсақ ұяшықтар түрінде үгілген өзгерген пішін түрінде сақталған. Бұл белдемнің қалыңдығы алғашқы метрден 100-120м – ге дейін ауытқиды.

Сілтілі белдемде мору қабаты қарқынды өзгерген бастапқы таужыныстарынан тұрады, кейбір жерлерде алғашқы реликті құрлым сақталған. Реликті кварц түйірі өз келбетін сақтайды және үгілген борпылдақ таужыныс арасында анық ерекшеленеді. Дала шпаттары каолинит қоспасы бар серицитпен және ұсақ түйірлі кварцпен жалғанморфты түрде өзгертілген.

Күңгірт түсті минералдар екінші ретті ұсақ түйіршікті биотиттің, хлориттің және каолиниттің жекеленген ұсақ түйіршіктенген рутинмен, гидроқышқылданған темірмен, лимонит пен геатиттің бірінші ретті жарылу бағыты шоғырланған агрегаттардың орнын басқан. Түйірлер арасындағы аралық кварц-каолинитті агрегаттардың гидрослюдаармен араласуымен орындалған. Осы аймақта, ыдырау аймағындағы, халькозин мен қалдық пириттің мол қатысқан орындарымен белгіленеді.

Сонымен (халькозин белдемі) аталған кенорнының қайталап байыту белдемі екі заттық белдемеден тұрады. (ыдырау белдемі және сілтілену белдемі).

Кварц – каолиниттік аймақ деп аталатын үгілу қабатының жоғарғы бөлігі бағдарланбаған ұсақ қабыршақталған каолинит және серицит, хлорит қоспалы кварцпен жекеленген ұялы гидрототығу темір мен рутил түйірлі агрегатынан тұрады. Осы бөлік шекарасында реликті үгілу қабатының бастапқы таужынысының құрлымы тәжірибе жүзінде көрсетілмеген. Лимониттің сульфитті псевдоморфозы жартылай тотыққан және тотықпаған пирит, жалатылған мыстық малахитпен және хризокол, жалғызданған түйір және ұсақ ұяшықтар сирек түрде кездеседі.

Жоғарыда көрсетілген белдем темір сутотықтарының болуына байланысты, охралық – сары бояу арқылы жақсы анықталады. Алдыңғы үгілу қабатының аймағындағыдай мұнда барит пен турмалиннің қатысуы белгіленді.

Жоғарғы қиманың орта олигоценінде кварцты – слюдалы құрамды, құмды саздар және майда түйірлі құмдарды құрайтын құмды – сазды шөгінділері жатады. Осы түзілімдердің қалыңдығы 1 метрден 20 м-ге дейін ауытқиды.

Бұдан жоғары қарай орналасқан гипсте төменгі-орта миоценді түйірленген саздар қалыңдығы 10-15м-ге дейін.

Тығыз саздақтар мен құмайтты саздардан құралған төрттік шөгінділер қалыңдығы 5-тен 15м-ге дейін созылған. Қарастырылған бүркеме шөгінділерінің жалпы қалыңдығы 4-тен 21м-ге дейін ауытқиды.

2.2 Тектоникасы

Бенқала кенорны терең жатысы бар Батыс Қулықөл жарылымының батысында орналасқан. Кенорынның мұндай жағдайы оның үстіне кенге дейінгі және кеннен кейінгі жасының дизъюнктив тектоникасының кең дамуын көрсетеді.

Кенге дейінгі тектоникасына Батыс-Қулықөл жарылымның өзі және оның тектоника мен уату белдемдерінің көп мөлшеріне әкелетін тектоникалық бұзылыстар жатады, ол кенді жергіліктендіруге қолайлы жағдай жасайды.

Батыс – Қулықөл жарылымының кенорындары солтүстік, солтүстік шығыс бағыттармен шектелген. Осы жарылымның жалпы құлау бұрышы (80-85⁰) шығысқа бағытталған.

Жарылымның өзі кварцты диорит – порфирмен, ороговиктену мен бөлшек скарндену ореолымен байланысты. Осы жарылымның батыс бөлігінде солтүстік – шығыс созылымы бар және ол оңтүстік – шығысқа (50-70°) құлайды.

Бұрғылау мен талдаулардың көрсеткіштері бойынша, осы бұзылыстар шегінде интрузив және метасоматикалық жаралымдар олардың шет жағына қарай плагиогранит магмасы мен кен минерализациясының таралуына өзіндік бөгет болып отыр.

Кенорындарда кен тектоникалық бұзылыстар байқалады. Олар кен белдемдерінің орынбасуларында, интрузивты және сыйыстырушы таужыныс бойынша бұзылу қыртысының күшті дамуында, сонымен қатар сырғанау айнасы бар уату белдемдер түріндегі ұңғыма керндері бойынша байқалады. Осы бұзылыстардың бағыттары солтүстік – батыс және солтүстік – шығыс, ал осы екеуінің ішінен екіншісі басым ерекшеленеді.

Олардың жалпы құлауы құлдығы 75-85° бұрыш бойынша болады. Жоғарыда аталған жарылымдардың қосындысы кенорында горст келбетті құрлымды түзеді. Бұрғылау нәтижесі бойынша блоктың тік орынбасуының амплитудасы 100м шамасында болды.

Осындай орынбасу нәтижесінде кенорынның орталық бөлігі іргетастық эрозиялы кесіндісіне шығарылды және ол бұл жерде қайта түзілген сульфид байытуының күшті белдемінің түзілуіне әкеледі. Керісінше, түсірілген блокта, №8 және 7 ұңғыма ауданы да, пайда болған мыс минералдануы тек 115-130м тереңдіктен ғана басталады, яғни беткі қабатқа қайта түзілген байыту белдемінің жоқ болуына әкеп соғады.

2.3 Интрузивті жаралымдар

Жоғарыда сипатталған палеозойлық кенорнның түзілімдерінің ортаңғы бөлігін лакколлит тәрізді дене 500м тереңдікте тесіп өткен, ені 850м көрсетеді. Әрі қарай тереңдеген сайын дененің ені азаяды және 800м тереңдікте 200м-ді құрайды.

Бенқала кенорнында өзаралық интрузивті кесек таужыныстары ғажайып түрде түзілген. Брекчиялар гипабиссалдық зонада магмалар дамуының арнайы түрлері болып келеді. Брекчияланған денемен өте үлкен сеппелі мыс кенорындары бар екені анықталған. Бенқала кенорнында бұл түзілімдер кендену плагиогранит – сеппеден бөлек солтүстік – батысқа қарай жеке дене құрайды.

Геофизикалық өрістерде брекчия денесі гидротермиялық өзгерістерге байланысты таужыныстарының қатты ыдырауына сәйкес теріс магниттік өріс түрінде көрсетіледі. Сынықтардың пішіндеріне, мөлшерлеріне және құрамдарына, цементтеу бөлігінің құрлымы мен құрамына, жалпы құрлымдық – түзілімдік түріне қарап осы түзілімдерді екі топқа бөлуге болады:

- 1) кварц – серицитті басым бұрыс сынықты брекчия;
- 2) интрузивті цементті – бұрыс сынықты брекчия.

Аталған екі түрдің сынық құрамы бірдей емес. Бірінші жағдайда андезитті порфириттің туфтарын, туфқұмайттас, туфсазтас және туфқұмайттасы бар шөгінділенудегі андезитті порфириттерін ерекшелейтін сиыстырушы таужыныстың сынақтары көбірек болады. Екінші түрдегі брекчияларда керш массасы тәріздес, яғни плагиогранит-порфир таужынысының сынықтары көбірек болады.

Брекчияның бірінші түрі дененің шет аймағына таралған және сынықтардың әр түрлі бояуларымен онда болатын керіш массасының әсерінен дақ тәріздес таужынысқа ұқсайды, жалпы алғанда қара, сұр, жасыл түстес, сынық бітімі бар таужыныс болып көрінеді. Сынықтардың өлшемдері әр түрлі және микраскопиялықтан бастап 10-15 см-ге дейін (кern бойынша) ауытқиды.

Сынықтардан құралған таужыныстар өте қатты өзгерген. Плагиоклаз серицитпен, хлоритпен, каолинитпен орынбасып жатыр, бірақ орынбасудың белгілі бір заңдылығы және тек бір ғана минералмен орынбасуы жоқ. Кейбір түйірлер эпидотпен және хлоритпен орын басты. Негізгі масса қатты хлориттенген және бұлынғыр қара түстес жаппай хлоритпен орын басқан. Сынықтардың жалпы ұқсастығы – олардың қатты кварцтелуі.

Брекчия денесінің шегінде бұрғыланған ұңғымадан алынған kernдегі сынамадан мысқа жасалған химиялық талдау нәтижесінде, мыстың мол шоғырлануы дененің батыс бөлігінде сиыстыратын таужыныс ксенолиттерінде байқалатындығын көрсетеді. Сонымен қатар брекчиялардың өздері кенсіз және әлсіз кенді болып табылады. Орталыққа орын ауыстыруына қарай гидротермальды өзгерулердің дәрежесі, сульфит минералдану қарқындылығы № 14 ұңғыманың минимумына келіп, төмендей бастайды.

Кварц 25-40% құрайды, бірақ таужыныс гидротермальды түрде көп өзгергендіктен барлық кварцты бірінші сатылы деуге сенімділік туғызады. Осы таужынысын құрайтын барлық минералдар қарқынды өзгерген. Плагиоклаз серицитпен қарқынды орын ауысады, ал орталықта мусковитпен. Мүйіз алдамшы сирек майда түйірлі хлориттелген. Кварц қайта кристалданып гранулит тәрізді агрегат құрайды. Мұндай жағдайда кварц әсіресе солтүстікте ерекшеленген, көбінесе кенді, ал дененің бөлігі плагиогранит – сеппелі болып кездеседі. Таужыныстың ішінде акцессорлық минералдар арасынан апатит кездеседі.

Бенқала кенорындағы таужыныстың сығылма сериясы диоритті порфирит, гранит – порфир және диабаздық порфирит ретінде берілген. Аталған түрлердің екеуі кенорынның орталық бөлігін алып жатыр.

Әдетте, олардың қалыңдығы үлкен емес, сирек кезде ғана 6-7 метрден асады. Сығылмалардың алғашқы екі түрлерінің арасындағы қатынас № 18 ұңғымада орнатылған, kern ұңғымасы бойынша гранит-порфирлер жас жаралымдар екендігі байқалады және олар диоритті порфиритті кесіп өтеді. Сонымен қатар, диоритті порфириттерде өте сирек және жұқа пирит желілері бар, олар гранит – порфирлердің әсерінен пайда болған. Сығылмалардың созылымдары, яғни кенорынға қатысты диорит пен гранит құрамы солтүстік - шығыс 10° - тан солтүстік-шығыс 20-25° дейін болады, құлама бұрыштары

әдеттегідей оңтүстік – шығыс және солтүстік батысқа қарай (70° - 80°) болады. Қашықтығы 100-400м солтүстік-шығыс бағыттағы тектоникалық өсірме бойынша кейбір орындардың ауысуынан сығылма созылымдары байқалады.

Диоритті порфириттер айқын порфирлі құрылымы және негізгі массасы микро түйірлі құрлымы ретінде болатын сұр массивті таужыныс ретінде кездеседі. Порфирлі бөлінулер таужыныс көлемінің 20-30% құрайды және олар плагиоклаз бен амфибол ретінде берілген.

Амфибол хлоритпен әлсіз орын басқан, шпирлі бітімді түзеді. Плагиоклаз майда призмалық ретсіз орналасқан, кейде амфиболға айналған кристалдар түзеді.

Гранит-порфирлер ашық-сұр, сұр тығыз майда түйірлі таужынысқа ұқсайды, жалпы құрлымы порфирлі болады.

Барлық жағдайда сығылма жасы плагиогранит-порфирге және мысты кенденелерге қарағанда кешірек екендігі байқалады. Ұңғымалардың кендеріндегі пирит-халькопирит құрамы бар желілерге қарағанда сығылмалардың жағдайы екі бөлек. Сонымен қатар, осы қортындыларды химиялық талдаулар дәлелдейді. Олардың анықтағаны бойынша мыстық құрамы сығылма ішінде 0,01-0,04%, ал сыйыстырушы таужыныста 0,4-0,5%.

2.4 Кенорнының жаралу жағдайы

Бенқала кенорнындағы мыс – сеппелі кенденуінің пайда болуы плагиогранит – сеппелі құрамы бар гипобиссальды денемен кеңісті және генетика бойынша байланысты. Аталған құрам терең жатысы бар Батыс Кұлықөл жарылымы мен оның Батыс бұтағы ауданында орналасқан. Әлсіз тектоникалық зонаға енген кейінгі юра уақытындағы құрам болып табылады. Мыс кенденуі аталған уату зонасының өлшемдерімен қатаң бақыланады және ол плагиогранит порфир денесінде және оның шет аймағында уатылған сыйыстырушы таужыныс шегінде кездеседі.

Берілген интрузив магмадағы флюидтердің атқылауынан пайда болды. Соңғыларының гидротермалды өзгерісі бар интрузивті зональды процесс жүргізеді, яғни бұл процесс сыйдырылатын таужынысқа, плагиогранит сеппе денесіне де қатысты болады.

Бұл уақытта таужыныстарда магматикалық минералдану түзілімдері болады. Декрепитация тәсілімен анықталған минералдар ассоциация тізімінің температурасы 330-420°C, кейде 460 °C болады. Гидротермалит және комагматикалық минерализация тізімдерінен кейін тектоникалық әрекеттің интенсивті импульсы пада болды. Ол субмеридиан және солтүстік – шығыс бағыттарындағы жарықшақтар зонасының дамуы кезінде байқалады. Осы зоналардың қиылысуы майда жарықшақтың максималды дамуына әкелді және ол штокверк түзілуіне жақсы жағдайлар жасайды. Бұл жарықшақтарда екінші генерациялық минералдар ассоциациясы болған, яғни ол кенорында үлкен таралымда болып, кеннің максимал мөлшерін әкелген. Бұл ассоциацияның

түзілу температурасы екінші генерациялы кварц декрепитация тәсілімен анықталып, осыған тең болады 210° – 330° - 340°.

Бенқала кенорындағы гидротермальды процестің ең соңғы сатысы барит, гипс, кальцит прожилкаларының түзілуі болып табылады.

Орын ауыстыру нәтижесінде кенорынның орталық бөлігі сыртқы бетке шығарылды және мезозой уақытында барлық кен апикаль бөлігі үлкен дәрежеде эродирленген еді. Кендену эрозия әсерінен тек планкта қана сақталылады. Солтүстікке ауысу әсерінен орналастыру мәні азайды және сыртқы бетте көбінесе плагиогранит-сеппенің кен апикаль бөлігі ғана бекітіледі.

2.5 Кеннің минералды құрамы

Микроскопиялық зерттеулер кеннің бітімі кенорында желілі сеппелі және сеппелі түрде болатындығын көрсетеді.

Кенді микроскопиялық зерттеулерде көп таралған негізгі кенді және тастамырлар минералдары ерекшеленеді. Жаралу температурасын зерттегенде минералдық түзілімдер негізінен үш минералдану сатысында өткені анықталды.

1 кесте - Кенорындағы кен түзілімінің барлық кезеңі негізгі және қосымша минералдар күйінде төменгі кестеде келтірілген

	Кенді		Тастамырлы
	Гипогенді	Гипергенді	
Негізгі	Пирит Халькопирит Магнетит	Халькозин	Кварц Турмалин Серицит Хлорит Барит
Қосымша	Халькопирит II Гематит Молибденит Валлерит	Ковелин Борнит	Апатит Гипс Магнезит Диопсид
Сирек кездесетін	Алтын, Хромит Хромшпинелиды	Малахит Хризокolla Гетит Ярозит	Пренит Шамозит

Зерттеу бойынша кенорындарда желілердердің келесі түрлері көрсетілген (жаралым реті бойынша): кварц – пирит, кварц турмалин – молибденит-пирит-халькопирит және барит гипс. Желілердің екінші түрі яғни кварц-турмалин-молибденит пирит-халькопирит және хлорит пен серицит қосылған түрі кең таралған.

Пирит кенорынның ең көп таралған минералдардың бірі болып табылады. Оның мөлшері 15-25%.

Идиоморфизмның әр түрлі дәрежесі бар метасоматиттік пириттің құрамында кенге жатпайтын минералдардың қосылыстары рутил және халькопирит қосылыстары болады. Сонымен қатар кейбір сынамадарда циркон, марганец, ванадий және т.б. элементтер байқалған осындай сынамада 1,5 – 3г/м мөлшерде алтын да атап көрсетілген. Пириттегі қалдық – элементтерінің ішінен мышьяк, кобальт, алтын ерекше қызықтырады.

Микроскопиялық сеппелер кенорнында алтын сирек кездесетін минерал болып табыдалы. Ол пириттің үш сынамасында және квацтың екі сынамасында байқалады.

Кездескен алтын агрегаттарының пішіні дұрыс емес. Ең үлкен кристалдың өлшемі ұзындық бойынша 2мм дейін болады. Сомтума алтынның басқа бөлшектерінің өлшемдері неғұрлым кіші және олар миллиметр шамасында өлшенеді. Мономинералдарда алтынды анықтау мақсатымен пириттің мономинералды сынама талдауының екеуі, кварц сынамасының 3 эпидот сынамасының бір талдауы жасалған.

2 кесте - Талдау нәтижесінде олардың құрамында алтынның төмендегідей мөлшері көрсетілген: Пиритпен кварцтағы алтынның мөлшері, г/т

№ № пп	Минерал	Мөлшері Au	№№ пп	Минерал	Мөлшері Au	№№ пп	Минерал	Мөлш ері. Au
1	Пирит	1,5	6	Кварц	сл	11	Пирит	1,0
2	Кварц	0,5	7	Пирит	2,5	12	Пирит	1,0
3	Пирит	0,33	8	Кварц	0,6	13	Пирит	1,7
4	Пирит	1,0	9	Пирит	3,0	14	Пирит	1,0
5	Пирит	0,5	10	Эпидот	2,1	15	Пирит	1,0

Алтынның мөлшерінде пирит жаралымдарының тереңдікке қатысты тәуелділігі байқалады. Келтірілген кесте бойынша, пириттегі алтын мөлшері 1-3 г/м, ал кварцта 0,6г/м.

Пирротин кенорнында аншлифте ғана белгіленеді. Ол сол жерде бірлік түйірлерде ғана кездеседі.

Гематит кенорнындағы көп таралған минерал болып табылады. Ол дұрыс емес. Кейде шексіз кенге жатпайтын минерал түйірлерін түзейді. Бөлінулердің өлшемдері 0,04-0,2мм. Кейбір аншлифтерде бір уақытта гематиттің пиритпен және халькопиритпен бөлінулері орнатылады, әсіресе қарқынды хлорлану бөлікшелерде.

Магнетитті сипаттағанда ол көбінесе гематитпен орын басатыны айтылған. Гематит осы жағдайда күрделі жиектерді түзейді.

Темір минералдары көбінесе кенорынның шаймаланғыш белдемдерінде көп мөлшерде кездеседі және гидрогеотит, ярозит және т.б. түрде болады.

Қалдық элементтерінің ішінен гематит кенорындарында: мыс – 10г/м; қорғасын-6 г/м; күміс -1г/м; титан-10г/м; хром-100г/м және галий-4г/м.

Түпкі кендердің басты кен минералдарына пирит, халькопирит, магнетит жатады, ал қосымша минералдардан молибденит, пирротин, борнит, сирегірек – гематит, сфалерит, хромит, серицит, борнит бар. Кенді емес минералдар кварц, турмалин, хлорит, серицит жатады.

Түпкі кендердегі мыстың мөлшері 0,25-2,3%, орташа - 0,42%; молибденнің орташа мөлшері 0,003%. Кеннің құрамында мыспен молибденнен басқа кобальт, никель, қалайы, скандий, гелий, селен, теллур, алтын (0,07г/т), күміс (0,69 г/т) және басқа да минералдар кездеседі.

Кенорны генезисі бойынша молибден-мыс сеппелі түріне жатады. Кенденудің белгілі бір шекарасы жоқ, сеппелі – желілі түрін ескеріп, кен денелерінің контур бөлінулері берілген химиялық талдау бойынша алдын-ала орнатылған кондиция бойынша жүргізілген. Олар төмендегі кестеде көрсетілген және ерекшеленген кен түрлері үшін өзіндік кондиция параметрлері алынған.

3 кесте - Кондиция параметрі

Кондиция параметрі	Қайта түзілген сульфид байыту белдемі	Алғашқы кен белдемі
Борттық мөлшері	0,3%	0,25%
Қима бойындағы мыстың минералды өнеркәсіптік мөлшері	0,5%	0,3%
Кен дененің минималды қалыңдығы	2м	2м
Есепке кіретін кенге жатпайтын қабаттың максимал қалыңдығы	4м	4м

Кенорындағы кенденулер 4 минералданған белдемге бөлінеді (жоғарыдан астына қарай):

1. қышқылдану белдемі;
2. шаймаланғыш белдем;
3. қайта түзілген сульфидті байытылу белдемі;
4. алғашқы кендер;

Қышқылдану белдемі шектелген таралыммен қолданылады және малахит пен хризокол ретінде берілген.

Шаймаланғыш белдем кеңінен таралған. Оның қалыңдығы 30-35м дейін жетеді. Осы белдем басқалардан оны түзетін минералмен ғана емес, сонымен қатар темір гидроқышқылдың болуымен де ерекшеленеді.

Қайта түзілген сульфидті байытылу белдемі де кең тараған. Оның қалыңдығы бір метрден 100 метрге дейін ауытқиды және орташа 40м болады. Осы белдемнің мыс минералдануы негізінен халькозин, кейде ковелин және борниттен құралған.

Алғашқы кендер тереңдігі 50-300м бөлікшелерде зерттелген. Олар плагиогранит-сеппелерде шоғырланған және негізінен серициттену, кварцтену және т.б. көрсетілген әр түрлі дәрежедегі гидротермальды өзгерістерге ұшыраған сыйыстырушы шөгінді жанартау таужыныстарда кездеседі.

2.6 Гидрогеологиялық жағдайы

Аймақта жүргізілген зерттеу жұмыстар нәтижесінде мынандай сулылық деңгейі мен комплекстер бөлінген:

Төрттік аллювиалдық-пролювиалдық шөгінділерде сулылық деңгейі аз мөлшерде таралған. Сулылық құмайттарда, ұсақтүйірлі сазды құмдарда шоғырланған. Сүзілу коэффициенті 0,27 м/тәул. құрайды. Өте сирек кездесетін бастаулардың шығымдары аз. Грунт сулары көктемдегі қар суларының еруі нәтижесінде толықтырылады.

Төрттік аллювиалдық-пролювиалдық сулылық деңгейі шөгінділерінің сүзгіш коэффициенті төмен болғандықтан төменгі қабаттарға өту қабілеттілігі нашар, сондықтан да тау қазбаларына өтіп оны су басуы мүмкін емес.

Төменгі карбон шөгінділерінің сулылық комплексі құмтастар, аргиллиттер, алевролиттер мен әр түрлі құрамды жанартаулар шөгінділерімен байланысты. Аймақ шөгінділері сусыз болып келеді. Тау- жыныстарының барлық литологиялық түрлері тығыз құрылымды, кейде ғана жарықшақтық кездеседі.

Бақылау ұңғымаларындағы 17-47 м төмендегендегі максималды шығымы 0,12-0,41 л/сек, сүзілу коэффициенті 0,045-0,1 м/тәул., орташа -0,024 м/тәул.

Жер асты суларының химиялық құрамы минерал заттарының жалпы мөлшері 5-7 г/л, жалпы кермектігі 20-35 мг-акв./л. Химиялық құрамы бойынша хлоридті-сульфатты және хлоридті-натрилы су.

3 ЖОБАЛАНҒАН ЖҰМЫСТАРДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ, КӨЛЕМІ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

3.1 Геологиялық мақсаттар және оларды жүзеге асыру әдістері

Жобалау жұмыстарының басты мақсаты - Бенқала кенорнында дәлдікті геологиялық барлау жүргізу және С₁ категориясы бойынша алаңдағы мыс қорын есептеу, жобалаған алаңдағы кеннің саны мен сапасын зерттеу.

Осы қойылған мәселелерді шешу үшін жобаланған жұмыстар өз құрамы және мақсатына қарай барлау және тәжірибелік-әдістемелік болып екіге бөлінеді. Барлау жұмыстары негізінен далалық жұмыстар бойынша нақтылы материалдар алу үшін техникалық мәселелерді шешеді, ал тәжірибелік-әдістемелік жұмыстар алынған материалдарды өңдеп өндірістік және әдістемелік мәселелерді шешеді.

Бенқала мыс кенорны геологиялық құрылысының күрделілігіне қарай екінші топқа жатады. Кенорнының кен денелерінің қалыңдығы өте құбылмалы, пайдалы қазбалардың сапасы әртүрлі болып келген, негізгі бағалы компоненттері біркелкі орналаспаған.

Бұрынғы зерттеушілер барлау жұмыстардың нәтижесінде мөлшерлері 700x480 м штокверк анықтаған, ол 300 м тереңдіктен бастап формасы изометриялық формаға ұқсастау болып келген. Кендену тереңдігі 700 м дейін зерттелген.

Осы дипломдық жобада барлауды толық жүргізу үшін мынандай негізгі жұмыстар қарастырылған: топожұмыстар, бұрғылау, геофизикалық зерттеулер, сынама алу, зертханалық зерттеулер т.б.

